

Ұлан ауданында тұратын азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы N 405 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 28 сәуірде N 5-17-147 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі N 135 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012.04.19 N 135 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19, 20, 21, 23 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 «Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығын іске асыру туралы» қаулысының негізінде, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери

құрамаларының қатарына мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес аудандық шақыру комиссиясының дербес құрамы құрылсын және бекітілсін.

3. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Ұлан ауданында тұратын азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

4. Ауылдық округтер мен кенттер әкімдері, азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуын уақтылы және ұйымшылдықпен өткізу үшін:

1) әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтардың шақыру учаскесіне толық және уақтылы келуін қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақырушыларды тасымалдау кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары өкілдерінің алып баруымен жүргізілсін;

3) шақыру комиссияға қажетті құжаттарды дайындау және ұсыну қамтамасыз етілсін.

5. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Ұлан ауданының медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры (Ж.С. Бухатов, келісім бойынша) төмендегі ұсынылсын:

1) медициналық комиссияның жұмысын, кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылушы ер азаматтардың сапалы куәландыруларының сапасын бақылауға алу ;

2) Ұлан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (ҚІЖБ) аудандық медициналық комиссиясын маман-дәрігерлерімен, орта дәрігерлік қызметшілерімен жинақтау жөнінде шараларын қабылдау.

6. Шығыс Қазақстан облысының ішкі істер департаментінің «Ұлан ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (А.К. Уалиев, келісім бойынша) ұсынылсын:

1) әскери қызметке шақырудан бас тартқандарды іздеу, облыстық жинақтау пунктіне жіберу кезінде шақыру пунктінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Ұлан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі аумағында полиция қызметкерінің кезекшілігін ұйымдастыру.

7. «Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (А.Е. Турганбаев) шақыру кезеңінде әскери қызметке шақырылушы жастармен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және шақырылушылардың салтанатты аттануын өткізуге белсене қатысу тапсырылсын.

8. «Ұлан ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы (К.Ч. Бердығожаева) 2011 жылға арналған аудан бюджетінде белгіленген мөлшерде, азаматтарды шақыру бойынша шараларды

қаржыландыруды

жүргізсін.

9. Ұлан ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) 2010 жылғы 4 мамырдағы № 726 «Ұлан ауданының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-17-128 болып, 2010 жылдың 11 мамырында тіркелген; «Ұлан таңы» газетінде № 33 (7367) санында 2010 жылдың 21 мамырда жарияланған);

2) 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 99 «2010 жылғы 4 мамырдағы № 726 «Ұлан ауданының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-17-134 болып, 2010 жылдың 29 қыркүйегінде тіркелген; «Ұлан таңы» газетінде № 52 (7386) санында 2010 жылдың 1 қазанында жарияланған).

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Ерсайновқа жүктелсін.

11. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлан ауданының әкімі

Ж. Муратов

Келісілген:

Аудандық қорғаныс істері

жөніндегі бөлім бастығы

Б. Саниязов

2011 ж. 30 наурыз

«Ұлан ауданының медициналық бірлестігі» КМҚК директоры

Ж. Бухатов

2011 ж. 30 наурыз

Ұлан ауданының ішкі істер

бөлімінің бастығы

А. Уалиев

2011 ж. 30 наурыз

Ұлан ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 30 наурыздағы
№ 405 қаулысына 1-қосымша

10	Егінсу	25							25	
11	Каменка	20		20						
12	Молодежный	50								50
13	Огневка	13				13				
14	Саратовка	17		17						
15	Таврия	30	30							
16	Тарғын	10				10				
17	Төлеген-Тоқтаров	10			10					
18	Өскемен	20	20							
	Барлығы:	370	50	50	50	50	20	50	50	50

кестенің жалғасы:

№ р/с	Ауылдық, кенттік округтер	саны	03.10.2011	04.10.2011	05.10.2011	06.10.2011	07.10.2011	10.10.2011	11.10.2011	12.10.2011
1	Аблакет	50						50		
2	Азов	10			10					
3	Айыртау	20							20	
4	Алмасай	5							5	
5	Асу-Бұлақ	20				20				
6	Бағратион	30			30					
7	Белогор	7				7				
8	Бозанбай	20					20			
9	Гагарин	13		13						
10	Егінсу	25							25	
11	Каменка	20		20						
12	Молодежный	50								50
13	Огневка	13				13				
14	Саратовка	17		17						
15	Таврия	30	30							
16	Тарғын	10				10				
17	Төлеген-Тоқтаров	10			10					
18	Өскемен	20	20							
	Барлығы:	370	50	50	50	50	20	50	50	50

Ұ л а н а у д а н ы ә к і м і
аппаратының басшысы А. Рамазанов